


ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР ҚӨРЕТИН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:
В НОМЕРЕ:
Бердібек Соқпақпаев «Ана жүрегі»
Кітапхана толқынында 55 жыл
Встреча, посвященная 65-летнему юбилею Джумабекова
Махсута Тайновича
Оқырмандар шығармашылығынан – Творчество наших
читателей
Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами
Қызық екен - Это интересно

4(114)

2024



Кітапхана толқынында
55 жыл

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

ИЮЛЬ

6 июля – День столицы Казахстана – Астаны (1998).

7 июля – Национальный день домбры, первое воскресенье июля.

22 июля – 85 лет со дня рождения певца, народного артиста Казахстана Лаки Кесоглу (1939).

АВГУСТ

2 августа – 70 лет со дня рождения эстрадной певицы, заслуженной артистки Казахстана Мадины Ералиевой (1954 - 2000).

5 августа – 85 лет со дня рождения кюйши-композитора, заслуженного деятеля культуры Казахстана Абдимомына Желдибаева (1939).

10 августа – День Абая.

18 августа – День спорта в Казахстане, третье воскресенье августа.

23 августа – 80 лет со дня рождения поэтессы Акуштап Бактыгереевой (1944).

29 августа – 75 лет назад на ядерном полигоне под Семипалатинском состоялось испытание первой атомной бомбы (1949).

30 августа – День Конституции Республики Казахстан (1995).

ӘДЕБІЕТ - ЛИТЕРАТУРА

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ «АНА ЖҮРЕГІ»

Әйелінің қатты науқастанып, ауруханаға түскенін естігеннен кейін, старшина Барнаулда қызмет атқарып жүрген жерінен бір жетілік демалыс алыш келіпті. Балқияның:

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

– Қалай, тәуір болып, сауығып шықтыңыз ба? – деген сұрағына Сережаның анысы:

– Маған курортқа барып емделу керек. Әзір оның уақыты ма, – деп жауап берді. Осы екі ауыз сөздің өзін ол ентігіп, күшпен әрең айтты. Бейшараның әлсіздігі соншалық, шай қайнап келгенше қисайып жата тұрды.

– Жүрсем, басым айналады. Трамваймен осы араға әрең жеттім. Сережама пана болып жүрген қандай адам екен, көрейін, алғысымды айтайын деп келдім, – деді ол.

Бұл күн отырғандардың барлығы үшін де үлкен бір мереке тәрізді болды.

* * *

Күн артынан күн өте берді. Күмпілдеген қанды майдан бітер болмады, елдің титығына жетті. Онымен қосамжарланып қыраулы қыс келді.

Анадағыдан бері із салмай кеткен Сережа бір күні кешкүрым Балқияның үйіне тағы да келіп тұр. Устінде қыпша бел қара шинель, белінде жez топсалы жалпақ қайыс белбеу, басында едірейген қара кепка. Бойы бұрынғысынан сұңғақтанып, сымбаттанып жетіле түскен тәрізді. Темір тақалы ауыр бәтіңкесімен еденді ересек адамдарша салмақпен басып кірді ол.

Балқия оны әуелі танымай қалып барып, артынан таныды.

– Сережамысың? – деп қуанышты дауысы саңқ ете қалды.

– Мен, – деді Сережа қоңырайған үнмен.

– Балам-ау, киімдерің... кім болып кеткенсің?

– ФЗО мектебінде оқып жүрмін.

– Қашаннан бері?

– Ана жолы папам орналастырып кеткен.

– Мамаң қалай? Денсаулығы қалай?

– Мамам қайтыс болды...

Содан бері талай жылдар өтіп кетті. Дүние талай рет түледі, талай рет жасарды. Заман да, адамдар да өзгерді, өркендеді.

Жуырда біз Балқия апайдың үйінде тойда болдық, Сережа үйленді. Баяғы бұйығы Сережа қазір соқталдай жігіт, әйгілі бір заводта цех бастығы, инженер. Жаңа тілеу, жас үміт шаттық

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

кешінде отырып, біз жоғарыдағы өткен өмір белестерін көз алдымызға әкелдік. Сережаның марқұм анасын, біздің бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған Мәмбетті, старшина Вороновты еске түсірдік.

- Жас жұбайлар бақытты болсын!
- Соғыс құрысын! Қайғы-қасірет құрысын! – деп тостар көтерістік.

1960 ж.

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

Кітапхана толқынында 55 жыл

Адам өмірін кітапсыз елестету мүмкін емес. Ол оны кішкентай кезінен қартайғанға дейін сүйемелдеп, білім алуға, әлемді және өзін тануға көмектеседі, оған сенімді тірек және сенімді кеңесші болады. Ежелгі кезде, әсіресе Шығыста, кітап соғыстың ең қымбат олжасы саналып, тылсым мен киелі аурасымен қоршалғаны кездейсоқ емес.

Уақыт өте келе, жаппай сауаттылықтың пайда болуы және жалпы кітаптарға қолжетімділіктің орнауымен олардың ерекше рөлі байқалмай қалды. Тек көру қабілетінен айырылған адамдарға қатысты кітаптың әлеуметтік оңалтудың негізгі құралы ретіндегі рөлі әлі де қажетті болып тұр.

Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы - бұл көзі нашар көретін азаматтарды қолжетімді БАҚ туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге, оларды кітап оқумен, әлемдік және ұлттық мәдениеттермен таныстыруға, шығармашылық әлеуеттерін ашуға, олардың бос уақыттары мен қарым-қатынастарын мазмұнды ұйымдастыруға, кітап оқу арқылы әлеуметтік-мәдени ортаға интеграциялауға арналған алаңы.

2024 жылы ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ 55 жасқа толады.

Кітапхананың негізгі қызметі, көзі нашар көретін оқырман-

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

дарға ақпараттық және мамандандырылған қызмет көрсету болып табылады. Біздің кітапхананың қоры көзі нашар көретін адамдар тобына және шағын ауданның барлық тұрғындарына арналған. Біз зағип және көзі нашар көретін пайдаланушылар үшін жайлы өмір сұрудің жағдайларын жасауға және қолда бар мүмкіндіктер мен инновациялық формаларды барынша пайдалануға тырысамыз. Өз қызметін сонау 60-жылдардың аяғында бастаған республикамыздағы зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтарға арналған мемлекеттік кітапханалардың жұмысын лайықты бағалау қыынға түседі.

1969 жылы шілдеде, Шығыс Қазақстан еңбекшілер депутаттары Кеңесі атқару комитетінің 1969 жылғы 28 мамырдағы № 225 шешімімен, Өскемен қаласында облыстық мәдениет басқармасына қарасты облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы ашылды. Кітапхананың құрылудың зағип жандар әдебиеттің бай әлеміне қосылуға мүмкіндік алды. Кітапхана құрылған күннен бастап 55 жыл бойына Александра Петровна Боярских, Гүлмира Қайырғазықызы Ноғасбаева, Гүлнар Қазығайқызы Қадыровалар жетекшілік етсе, қазіргі таңда ҚР «Мәдениет саласының үздігі» Бекайым Қасымханқызы Ұябаева басқаруда.

А.П. Боярскийдің кезінде жаңадан құрылған кітапхана қызметінің негізгі бағыттары айқындалды.

Өзінің өмір жолының басында кітапхана қандай болды?

Бастапқыда ол Сергей Тюленин көшесі, 2 мекенжайындағы жеке үйдегі бөлмелердің бірін алған жатқан ҚЗҚ-ның Өнірлік басқармасының қарамағында болды.

1971 жылы облыс әкімшілігі Өскемен ОӘК ҚЗҚ-ның басқаруына үй-жай алған кезде, бұл ғимарат толығымен кітапханаға берілді.

Кітапхана, Қазақ зағиптар қоғамы облыстық басқармасының ШҚ балансындағы кітап қоры негізінде ұйымдастырылып, кейіннен әдебиеттерді кітапхана коллекторынан, кітап және букенистік кітап дүкендерінен нұктелі-бедерлі және жалпақ шрифттермен басылған кітапханалардан ала бастады.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Кітапхананың, Брайль қарпімен басылған 54 кітаптан бастау алған кітап қоры, бүгінгі күні 71 021 бірлікке дейін өсті.

Кітапхананың негізі қаланған күннен бастап, бүгінгі таңға дейін зағип жандарды жүйелі кітап оқуға баулу міндеті тұр. Көзі нашар көретін азаматтарды кітапхана қызметімен барынша толық қамту және әрбір зағип жанды кітаппен қамтамасыз ету мақсатында, 1970 жылдан бастап Лениногор (қазіргі Риддер), Зырян, Серебрянск және Шемонаиха, Өскемен қалаларында ОӘК ҚЗҚ кітапхана пункттері ұйымдастырылды. Кейінірек осындай пункттер Глубокий, Самар, Күршім, Үлкен-Нарын, Тарбағатай аудандарында да ҚЗҚ ұйымдастыра бастады.

Облыс бойынша Лениногор қаласындағы көзі нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернатының жанынан барлығы 11 кітапхана пункті мен 1 филиал ашылды.

70-ші жылдардағы әдебиеттің жаңа түрінің пайда болуы - арнаіры кітапханалардың жұмысында шынымен төңкеріс әкелді. Жаңа үлгідегі әдебиет қорын қалыптастыру, КАА бағдарламасы арқылы алынған «сөйлейтін» кітаптарды өз беттерінше көшіруден басталды, содан кейін бұл кітаптарды Мәскеу, Ленинград, Минск, Киев, Харьков, Қазан және Алматыдағы дыбыс жазу студияларымен жасалған келісім-шарттар арқылы алатын болды.

1971 жылы кітапханада, баяндалған кітаптарды тындауға арналған «Дайна» алғашқы магнитофондары пайда болды.

Кітапхана ғимараты көбейген кітап қорын сыйдыра алмады. Көтеріңкі нұктелік шрифттегі кейбір әдебиеттерді көрші аумақта орналасқан тақтайдан жасалған сарай мен гараждарда сақтады.

1984 жылы кітапханаға қосымша орын – Новаторлар көшесі, 6 тұрғын үйден 3 бөлмелік секция бөлінді. Оқырмандарға қызмет көрсету, осы жерден жүзеге асырыла бастады. Қалалық ҚЗҚ да сонда қалып, онда кітапхана оқырмандары үшін дауыстап оқу үйірмесі ұйымдастырылып, үлкен қоғамдық шараларды бірлесе өткізді.

1995 жылы кітапхана бұрынғы балабақшаның екі қабатты жеке ғимаратына көшті. Бұл қала мен облыстың жертөлелерінде,

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

гараждарында, қоймаларында және басқа да қолайсыз үй-жайларда жатқан кітаби қазыналарымызды жарық, кең ғимараттың шаңырағының астына жинап алуға мүмкіндік берді.

1996 жылы Сорос-Қазақстан қорының грантымен алғашқы компьютер сатып алды. Кітапханамыздың 1997 жылы ЗУБР орталығының көмегімен Бейбітшілік корпусынан алған гранты, біздің материалдық-техникалық базамызды нығайтуға көмектесті.

Жарты ғасырдан астам тарихты кітапханада көп істер атқарылды. Соңғы жылдарда, жұмыста қолданған заманауи дамыған тәсілдер өз жемісін бере бастады. Ол, азаматтардың бос уақыттары кезінде іс-шараларды өткізуге арналған және Брайль әліпбійн үйрететін жаңа зал – тифлокешені (грек тілінен алынған typhlo – загип) ашылды. Онда мүмкіндіктері шектеулі жандар арасында шахмат, дойбы, тоғызқұмалақтан жүйелі түрде жарыстар өткізіліп тұрады.

Оқу залы өзгеріліп, жас оқырмандарға қызмет көрсетуге арналған балалар бұрышы ашылды. Қазақстандағы балалар жылында (2022) «Мен кітапты жақсы көремін» әдеби ойын алаңы ашылып, онда ерекше балаларға арналған әдемі сөрелер, үстелдер, танымдық ойындар, түрлі-түсті басылымдағы кітаптар, зағиптар мен көзі нашар көретіндерге арналған бедерлі-графикалық басылымдар қойылған.

Арнайы кітапханада балаларға арналған келесі жобалар жүзеге асырылуда:

- «Ерекше көзқарас» - №19 қосымша білім беру мектеп-орталығының зағип және нашар көретін балаларға арналған инклузивті жобасы;

- «Осындағы жігіттер өмір сүреді...» Өскемен қаласы әкімдігінің «Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсету қалалық аумақтық орталығы» КММ, ШКО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін «Өскемен балалар орталығы» КММ инклузивті серіктестік жобасы;

- «№14 түзету балабақшасының тәрбиленушілеріне арналған «дойбының сиқырлы әлемі» тәжірибелік жобасы.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының құжаттар қоры 71 021 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде 12 143 дана. Зағип және көзі нашар көретін пайдаланушылар үшін фонотека бөлімінде барлық жанрдағы аудиокітаптар жинағы, балалар әдебиетінің үлкен таңдауы, музыка әуесқойлары үшін музикалық дискілер бар. Жыл сайын кітапхана өз қызметімен облыстың 2000-ға жуық зағип және көзі нашар көретін азаматтарын қамтиды.

2019 жылы кітапхана «Қазақстан кітапхана одағы» занды тұлғалар бірлестігіне енді. «Өскемен қаласының ең жақсы қолжетімді нысаны» қалалық байқауына қатысқаны үшін кітапхана мәдениет саласы бойынша «Кедергісіз орта» номинациясы бойынша 1 орын иегері атанып, Дипломмен марарапталды.

Пандемия кезінде жұмыстың қашықтағы формаларына көшу, бірегей «Телефон оқулары» жобасының іске қосылуына ықпал етті. Қызметкерлер қаладағы зағип және нашар көретін азаматтардан қоңыраулар қабылдала, оларға телефон арқылы жаңалықтарды, әңгімелер мен повестерден үзінділерді дауыстап оқып беріп отырды.

Арнайы оқырмандарға арналып «Лунж-аймақ» (релаксация бөлмесі) ашылды. Онда Тифлопедагогпен топтық және жеке сабактар, шығармашылық шеберханалар, әңгімелер мен пікірталастар, қызықты кездесулер және т.б. өткізіледі.

Қазақстанда нұктелі-бедерлі Брайль қарпімен кітап басып шығаратын мемлекеттік баспалардың болмауына байланысты зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың облыстық арнаулы кітапханасы «Қолжетімді оқудың жаңа көкжиектері» моножобасын жүзеге асыруда. Жоба аясында Брайль қарпімен 241 дана кітап басылып шығарылды (122 атаяу), оның ішінде мемлекеттік тілде 108 дана. (55 атаяу). 2024 жылы 14-тен астам кітап шығару жоспарлануда. Арнайы кітапхана базасында оқырмандардың қызығушылықтарына негізделген клуб бірлестіктері құрылды: «Шамшырақ» әдеби клубы, «Супербрайлист» клубы, «Джентельмен бір рет және мәңгілікке» ерлер клубы, «Әйелдің жарқын әлемі» әйелдер клубы және Луи

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Брайль жүйесі арқылы оқу мен жазуды үйрету бойынша апта сайын өтетін «Маған оқуды үйрет» курстары.

Оқырмандар әсіресе 2024 жылы зағип жандарға арналған үстел теннисі мен аэро хоккей элементтерін біріктіретін үстел ойынына арналған «Шоудаун» бөлмесінің ашылуына ерекше риза болды. Көптеген оқырмандар бұл қызықты спорт түріне қызығушылық танытуда. Олар ойынды қызыға ойнап, жақсы нәтижелерге қол жеткізуде, сонымен қатар шоудаун бойынша облыстық және республикалық жарыстарға қатысада.

Оқырмандар үшін кітапхана базасында ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған Шығыс Қазақстан облысындағы тұңғыш инклузивті «Взгляд» театрының ашылуы нағыз оқиға болды. Бұл дарынды зағип режиссер Станислав Цихтің жетекшілігімен біздің кітапханамен «St.ART» әлеуметтік-мәдени қорының бірлескен жобасы. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін театрдың ашылуы, олардың шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыруға, қабілеттерін ашуға таптырмас мүмкіндік берді. Ағымдағы жылы ҚАЖД-мен (Қылмыстық атқару жүйесі департаменті) ынтымақтастық аясында кітапхана көру қабілеттері бұзылған сотталғандарға «SARA CE» арнайы оқу машинасын (зағип және көзі нашар көретін пайдаланушылар үшін, баспа өнімдерін сканерлеуге және оқуға арналған толық жұмыс істейтін автономды құрал) және оқырмандар сыйға тартқан көркем әдебиет кітаптарын тарту етті.

Арнайы кітапхана білім және мәдениет мекемелерімен: қалалық кітапханалармен, Үлбі оңалту орталығымен, «Ақ-Ниет» мектеп-интернаты, сондай-ақ көру қабілеті бұзылған балалар баратын балабақшалар, қосымша білім беретін «№ 19 мектеп-орталығы» КММ, Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт клубы» КММ, «Қазақ зағиптар қоғамы» ҚҚ Шығыс Қазақстан филиалы т.б. тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Веб-сайтта, Facebook, Instagram, Tik Tok әлеуметтік желілерінде және қала мен облыстың бос уақыттарын өткізу порталдарында пайдаланушыларды кітапхананың қызметтері

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

мен оқиғалары туралы жедел хабардар ету, маркетингтік қызметті кеңейту оқырмандарды кітапханаға тартудың тиімді түрі болып табылады.

Қазіргі таңда кітапханада 11 кітапхана қызметкері еңбек етеді. Олардың көшілігі кітапхана ісіне адалдығы мен кәсіби біліктілігі үшін «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы», «Кітапхана ісінің ардагері» және «Халық Құрметі» төсбелгілерімен марапатталған.

Ерекше оқырмандарымызға жайлы жағдай жасап, олардың сүйікті іс-шаралары мен клубтық бірлестіктерінің кездесулерін өткізе отырып, кітапхана қызметкерлері өздерінің негізгі міндеттері - оларды оңалту және қызығушылықтарына қарай ақпаратты алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету сияқты өздерінің басты міндеттерін орындалған.

Кітапхананың 55 жылдық еңбегін қорытындылай келе, австралиялық жазушы және меценат Ник Вуйчич айтқандай «Жақсы тұқым себу үшін үлкен жобаларды қолға алудың қажеті жоқ. Тіпті кішігірім нәрселердің өзі басқа адамға көп нәрсені білдіруі мүмкін» деп айтқымыз келеді.

Б. Уябаева,

**ШҚО зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы
кітапханасы директоры**

Встреча, посвященная 65-летнему юбилею Джумабекова Махсута Тайновича

4 июня 2024 года в стенах Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан царила особая атмосфера. В этот день состоялась встреча, посвященная 65-летнему юбилею заместителя директора библиотеки, председателя общественного благотворительного фонда инвалидов по зрению «Комектес» Махсута Тайновича Джумабекова – яркого примера жизненной стойкости и спортивного мастерства.

На этой встрече можно было ознакомиться с материалами из фонда библиотеки, которые дают возможность узнать о его жизненном пути, спортивных достижениях и вкладе в развитие культуры и спорта среди людей с инвалидностью.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Махсут Тайнович – мастер спорта Республики Казахстан по шахматам, уважаемый тренер, несмотря на то, что с юного возраста имеет инвалидность первой группы по зрению. Его жизнь – наглядное доказательство того, что ничто не может препятствовать достижению целей, если человек обладает упорством и большой силой духа.

Встреча была организована для того, чтобы поделиться историей жизни и спортивными достижениями Махсута Тайновича с присутствующими в зале гостями. В атмосфере доброжелательности и уважения прозвучали истории о том, как юный Махсут, несмотря на трудности, с необычайной страстью отдавался игре в шахматы, которой ещё в школьные годы его заинтересовал наш уважаемый Александр Филиппович Сапелкин. Говорили о его неутомимом стремлении к совершенствованию, о таланте тренера, который успешно воспитывает новые поколения шахматистов.

В официальной части мероприятия звучали слова поздравлений от руководства библиотеки, коллег и друзей. На сцене прозвучали музыкальные номера, прекрасно дополнявшие общее настроение праздника.

Встреча превратилась в яркое событие, которое надолго запомнится всем участникам. Она стала наглядным примером того, что любой человек, независимо от физических ограничений, может добиться успеха в жизни, если имеет цель и неугасимую жажду победы.

Ристович Максим,
системный администратор фонда «Комектес»

ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН – ТВОРЧЕСТВО НАШИХ ЧИТАТЕЛЕЙ

Құрметті оқырмандар! Сіздердің назарларыңызға Қызылорда облысының тумасы Гүлсім Абилованың шығармашылығымен танысып, ой белісуге шақырамыз.

Абилова Гүлсім Серікбайқызы 1968 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, Іңкардария ауылында дүниеге келген. №191 орта мектебін бітіріп, сол мектепте 1980-1985 жылдар

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

аралығында аға пионер вожатый қызметін атқарған. 1987 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының филиология факультетін бітіріп шыққан.

1997-2002 жылдар аралығында Байқоңыр қаласындағы №6 және №85 мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарған.

2004 жылдан бастап көру қабілетінің нашарлауына байланысты Қызылорда облыстық зағиптар қоғамына мүшелікке тіркеліп, түрлі салада қоғамдық жұмыстар атқарған.

2020-2021 жылдары Қызылорда Коorporativ қорының президенті болып қызмет атқарған. Қазіргі уақытта қоғамдық бірлестіктің тәрайымы қызметін атқарады.

Отбасылы, үш баланың анасы.

Бауырларыма

Бауырларым бар, шүкір маңдай тірейтін,
Амандықты, жағдай сұрап білетін.
Ауырғанда жаны ашып жүгіріп
Қолтығынан демеп бірге жүретін.

Бауырларым бар, қысылғанда қинальш,
Жаны қалмай жүгіретін жинальш.
Ортақтасып, қуанышың тойыңа
Арқаланар дорба-дорба сый алыш.

Бауырларым бар, асын бөліп жегізер,
Жүздерінен шуақ нұры сезілер.
Қайғы түссе аңқылдаған көмейден
Ықыласпен ыстық сөздер төгілер.

Бауырларым бар, бар сырымды айтатын,
Көңіліме кіrbің түссе байқайтын.
Мәпелейтін, жылы сөзін әлдилеп
Бесігіне, баласындаш шайқайтын.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Бауырларым бар, шүкір разымын,
Олар менің мықты тіреу, қазығым.
О, Тәңірім бауырларды аман ет
Көрмесінші жалған дүние жазымын.
Шүкір Алла! Бауырларыма разымын.

Айға сыр

Тереземнен ай қарайды сығалап,
Біліп тұрмын, жағдайымды сұрамақ.
Анда-санда шағатынмын мұңымды
Көңілдегі бар сырымды құрап-ап.

Мөлдіреп ай сырымды үнсіз тыңдайды,
Тұсінгендей қолын көктен бұлғайды.
Қанат болса баар едім жаныңа
Қиял шіркін кейде осылай зулайды.

Сәулесімен маңдайымнан өбеді,
Осы еді ғой көңіліме керегі.
Жас баладай еркелейтін күлімдеп
Нұрын шашып, мейірімін төгеді.

Ай, досым-ау қандай сұлу, сырбазсын,
Ой санамды сұық селден құрғаттың.
Білесің бе? Жерде жүрген пендeler
Адамдығын, имандығын жоғалтты.

Бәрін-бәрін көкте тұрсын, білесін,
Жер бетінде пендelerдің күресін.
Айдағына еріп алып шайтанның
Қонышынан басар етік сіресін.

Айым, досым, жақындашы жаныма,
Сөйлесейік ақтарыла сағына.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Кейде ұзақ көрінбей бір кетесің
Келіп тұршы тереземнің жанына.

Өмір жалған, өмір сынақ уақытша,
Алданып жүр мәнсіз ойын-сауықта.
Қара жерге тек шүберек оранып
Кетер адам Тәңір нанын тауысса.

Жерді тастап кетпес күн мен ай ғана,
Адамға өмір уақытша тұрақ жай ғана.
Бір қалыпты тірлігінен танбайтын
Күлімдеген күн, ақылды ай ғана.

Айға менде біраз сырды ақтардым,
Жақсы үмітпен қарсы алайын әр таңды.
Тыңдағаны үшін сөзім, мұңымды
Өлеңімді сый ғып айға тартамын.

Өмір

Өмір сені бағалаймын қымбатсың,
Әусеніне қосам әсем ыргақтың.
Өмір сені серік етіп қыдырдым
Арасында исі аңқыған гүл бақтың.

Өмір, тым биіксің алып таулардай,
Тәттісің ғой ара жиған балдардай.
Кейде жоқ боп кетесіңбе қорқамын
Алақанда еріп кетер ақ қардай.

Арамдықтан, сарандықтан, арбаудан,
Шаршасамда үміт жібін жалғаудан.
Қолтығымнан демеп өмір келесің
Үндемеуді үйрен дейсің нар таудан.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Өмір кейде жалған болып кетесін,
Ақиқаттан ары айналып өтесің.
Бұрымдай әсем өрілген тұра жолдардан
Іздейсің бе жүріп өтер төтесін.

Не болсаңда өмір маған қызықсын,
Бойындағы өзің сыйған сыйықтың.
Кейде іштей алаңдаумен боламын
Сол сыйықты алар ма деп үзіп кім.

Өмір сенсің байланған темірқазығым,
Тағдыр енді көрсетпесін жазымын.
Таусылмасын өзің берген бойымда
Таусылмасын өмір деген азығым.

БИБЛИОГРАФ ХАБАРЛАЙДЫ - БИБЛИОГРАФ ИНФОРМИРУЕТ

**Уважаемые пользователи!
Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами.**

Андерсен Г. «Гадкий утёнок».

Наверное, из всех историй, написанных датским сказочником Гансом Христианом Андерсеном, у ГАДКОГО УТЕНКА - самый счастливый конец. Может быть, поэтому её так любят и дети, и взрослые. Ведь не только мальчикам и девочкам хочется верить, что Золушек ждут Прекрасные Принцы, а из Гадких Утят вырастают Прекрасные Лебеди!

Андерсен Г. «Дюймовочка».

Популярная сказка Ганса Христиана Андерсена, предназначена для чтения взрослыми детям и самостоятельного чтения детьми младшего школьного возраста. На этой доброй сказке про миниатюрную девочку, рожденную из цветка, воспитано не одно поколение детей во всем мире.

Великолепные иллюстрации Виктора и Галины Нечитайло оживят трогательную историю Дюймовочки, которой пришлось пройти через множество приключений на пути к счастью.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

А удобный формат позволит не расставаться с любимыми героями на прогулке или в поездке.

Баум Л. «Удивительный волшебник из страны Оз». В двух книгах.

Соломенное пугало, железный лесоруб, лев, собачка и маленькая девочка, занесенная ураганом в волшебную страну. Об этих героях вы наверняка уже слышали, а может, даже читали в книге о сказочном Изумрудном Городе. Но знаете ли вы, что история эта на самом деле родилась в Америке больше ста лет назад? И автором ее был не кто иной, как неугомонный выдумщик и неисправимый мечтатель Лаймен Фрэнк Баум. Вместе с девочкой Дороти и её верным пёсиком Тото юный читатель отправится в волшебную Страну Оз. Его ждут встречи с добрыми и злыми волшебниками, говорящими животными, фантастическими созданиями...

Подготовил Мырзабеков Алмас

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН - ЭТО ИНТЕРЕСНО

Интересные факты о глазах

Глаза – один из важнейших органов человека. Конечно, они не так важны, как сердце или легкие, но, тем не менее, очень важны. Глаза дают нам возможность смотреть на мир и радоваться жизни.

Глазами можно вдохновлять и влюбляться в них. Первое куда смотрит человек, конечно же, в глаза. В эти уникальные творения наших генов. По глазам можно многое рассказать. Например, обманываете ли людей или что-то скрываете. Посмотрите в них, и они дадут вам что-то понять. Считается, что в природе существует 5000 оттенков серого цвета глаз. Также цвет глаз переходит к нам по генотипу от наших родителей. Но он может поменяться с возрастом. Есть такие люди, у которых меняется цвет радужной оболочки при изменении температуры. Например, когда они ходят в баню. Порой становится не по себе. Не многие знают, что в среднем человек моргает 10 миллионов раз в год.

Есть много интересных фактов про глаза. Вот некоторые из них.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Цвет и свет

1. Маленькие дети при рождении дальтоники. Они не различают цвета.

2. Большинство детей европеоидной расы рождаются с серо-голубыми глазами, и только спустя два года глаза приобретают свой настоящий цвет.

3. Самый редкий цвет глаз у человека — зеленый. Всего 2% населения Земли имеют зеленые глаза.

4. Все люди с голубыми глазами могут считаться родственниками. Дело в том, что голубой цвет глаз — это результат мутации в гене HERC2, из-за которой у носителей такого гена снижена выработка меланина в радужной оболочке глаза, а именно от количества меланина зависит цвет глаз. Возникла эта мутация примерно 6-10 тыс. лет назад в северо-западной части черноморского побережья.

5. Каждый 12-й представитель мужского пола — дальтоник.

6. Глаз человека способен воспринимать только три участка спектра: красный, синий и зеленый. Остальные цвета являются сочетанием этих цветов.

7. Примерно у 2% женщин есть редкая генетическая мутация, благодаря которой у них наблюдается дополнительная колбочка сетчатки. Это позволяет им видеть 100 миллионов цветов.

8. Существуют слишком «сложные» для человеческого глаза цвета, их называют «невозможные цвета».

9. У одного человека может быть разный цвет глаз — гетерохромия. Это вызвано избытком или недостатком меланина и является результатом генетической мутации, болезни или травмы.

Физиология глаза

1. Вес глаза составляет примерно 7 г, а диаметр глазного яблока практически одинаковый у всех здоровых людей и равен около 24 мм.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

2. Только 1/6 часть глазного яблока видна. При том, что слезы у нас текут все время (они смачивают глаза), плачем мы сравнительно редко. Женщины, например, плачут в среднем 47 раз в год, а мужчины — 7. Причем чаще всего — между 18:00 и 20:00, в 77% случаев дома, и в 40% — в одиночестве. В 88% случаев человеку, который поплакал, становится лучше.

3. Человек в среднем моргает через каждые 4 секунды (15 раз в минуту), время моргания — 0,5 секунды. Можно подсчитать, что за 12 часов человек моргает 25 минут. Женщины моргают примерно в два раза чаще, чем мужчины.

4. Зрачки глаз расширяются на 45%, когда мы смотрим на того, кого любим.

5 Из всех мышц нашего тела, мышцы, контролирующие глаза — самые активные.

6. Ваши глаза всегда останутся такого же размера, что и при рождении, а уши и нос не перестают расти.

7. Ваши отпечатки пальцев имеют 40 уникальных характеристик, в то время как радужная оболочка глаза — 256. Рисунок радужки глаза у человека индивидуален. По нему можно идентифицировать личность.

8. Изображения, которые отправляются в наш мозг, на самом деле перевернуты.

9 Космонавты не могут плакать в космосе из-за гравитации. Слезы собираются в маленькие шарики и начинают пощипывать глаза.

10. Наши глаза фокусируются примерно на 50 вещах в секунду.

А вы знали?

1. Майя считали косоглазие привлекательным и пытались сделать так, чтобы их дети были косоглазыми.

2. Шизофрению можно определить с точностью до 98,3% с помощью обычного теста на движение глаз.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

3. Люди и собаки — единственные, кто ищет зрительные подсказки в глазах других, а собаки делают это только общаясь с людьми.

4. История циклопов появилась благодаря народам средиземноморских островов, которые обнаружили останки вымерших карликовых слонов. Череп слонов был в два раза больше черепа человека, а центральная носовая полость часто ошибочно принималась за глазницу.

5. Пираты использовали повязку на глаз, чтобы быстро адаптировать зрение к среде над палубой и под ней. Таким образом, один глаз у них привыкал и к яркому свету, а другой — к тусклому.

6. Глаза начали развиваться около 550 миллионов лет назад. Самым простым глазом были частицы белков фоторецепторов у одноклеточных животных.

7. Люди, страдающие депрессией, нередко говорят, что воспринимают окружающий мир в тусклых тонах. Оказалось, что это не просто психологический феномен — серость красок при депрессии имеет под собой физиологическую основу. Такой вывод сделали немецкие учёные из университета Фрайбурга, исследовавшие процессы в глазах пациентов с помощью электроретинограммы. Они обнаружили строгую зависимость — чем сильнее депрессивные симптомы, тем слабее реагирует сетчатка глаза на стимуляцию показом контрастных картинок.

8. Отличить травоядных зверей от хищников можно по расположению глаз. У хищников глаза находятся на передней части морды, что позволяет им точно фокусироваться на жертве во время выслеживания и погони. У травоядных глаза обычно разведены по разным сторонам морды, что увеличивает радиус обзора для заблаговременного обнаружения опасности от хищника. К исключениям можно отнести обезьян, которые имеют бинокулярное зрение и не являются хищниками.

Из просторов интернета

РБНСГ - ВЕСТИ



Кітапхана толқынында 55 жыл



Встреча, посвященная 65-летнему юбилею Джумабекова Махсута Тайновича

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты.

Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Муратбаева, 171

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии ИП СТАРКОВ С.А.

Акмолинская область, г. Kokшетау, Акана серэ, 140
тираж 100 экз. Заказ № 288

Главный редактор – Байузаков А.К.

Редактор по Брайлю – Баймуратова Н.Д.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Муратбаева, 171

тел.: 8 (727) 293-70-80

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Материалы публикуются в авторской редакции.